

2011 жылғы 1 маусымдағы жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы

2011 жылғы 1 маусымда республикада 13 жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі - қорлар) жұмыс істеді. Мамыр айында заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызметке лицензия берілген жоқ.

Қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензия 16 заңды тұлғада бар, оның ішінде 13 қорларда зейнетақы активтерін дербес басқаруға лицензия бар.

Есепті күнге 10 екінші деңгейдегі банк кастодиандық қызмет атқарды. Сонымен бірге, қорларға кастодиандық қызметті 6 екінші деңгейдегі банк көрсетті: «HSBC Банк Қазақстан» АҚ еншілес банкі, «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Қазақстан Халық Жинақ Банкі» АҚ, «Қазақстан халық жинақ банкі» АҚ, «Еуразиялық Банкі» АҚ, «АТФ Банкі» АҚ, «Ситибанк Қазақстан» АҚ.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 2 413,3 млрд. теңге жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасымен 8 035 057 болды. Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны мамырда 11 642 (0,2%) ұлғайды, ал жинақталған зейнетақы қаражаты 32,7 млрд. теңгеге (1,4%) ұлғайды.

2011 жылғы 1 маусым айында міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны 3 қорда жинақталды: барлық қорлар салымшыларының жалпы санының «Қазақстан Халық Банкі» – 26,6%, «МЖЗҚ» – 22,7% және «Ұлар Үміт» – 21,5%.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны 2011 жылғы 1 маусым айында жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 1,2 млрд. теңгемен 38 812 болды. Ерікті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар шоттарының саны мамыр айында 123 бірлікке (0,3%) азайды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 105,5 млн. теңгемен 4 089 болды.

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты ағымдағы жылғы мамыр айында 32,7 млрд. теңгеге (1,4%) өсіп, 2011 жылғы 1 маусым айында 2 419,0 млрд. теңге болды.

Зейнетақы жарналарының жалпы түсуі мамыр айында 34,0 млрд. теңгеге (1,9%) өсіп, 2011 жылғы 1 маусым айында 1 801,7 млрд. теңге болды.


Зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық сыйақыны шегергенде) 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 561,6 млрд. теңге болды. Мамыр айында «таза» инвестициялық кіріс 4,5 млрд. теңгеге (0,8%) өсті.

Салымшылардың (алушылардың) 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап 2011 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде жинақталған зейнетақы қаражатының көлемі мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні		млрд. теңге				
		1.01.10	1.01.11	1.06.11	1.01.11 салыстырғандағы өсім	1.01.11 салыстырғандағы өсім (%-бен)
Жинақталған зейнетақы қаражаттары		1 860,5	2 258,2	2 419,0	160,8	7,1
Зейнетақы жарналары		1 488,8	1 821,7	1 801,7	-20,0	-1,1
«Таза» инвестициялық кіріс		481,7	571,4	561,6	-9,8	-1,7
«Таза» инвестициялық кірістің жинақталған зейнетақы қаражаты сомасындағы үлесі		25,9	25,3	23,2	-	-2,1%- дық тармақ

2011 жылғы 1 маусым айына ең көп жинақталған зейнетақы қаражатының сомасына 5 қор ие болды: барлық қорлардың жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы көлемінен «Қазақстан Халық Банкі» – 803,4 млрд. теңге (33,2%), «ҰларҮміт» – 426,4 млрд. теңге (17,6%) «МЖЗҚ» – 423,0 млрд. теңге (17,5%), «Грантум» - 188,8 (7,8%), «Капитал» - 123,7 (5,1%) немесе жиынтығында осы 6 қордың үлесіне барлық жинақталған зейнетақы қаражатының 81,2%-ы келді.

Зейнетақы жарналарының, «таза» инвестициялық кірістің және жинақталған зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы



Міндетті зейнетақы жарналарын уақтылы аудармау, жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасауды уақтылы жүзеге асырмау және зейнетақы активтерін тиісінше басқармау үшін өсімпұл сомасы мамыр айында 0,1 млрд. теңгеге (0,8%) өсіп, 2011 жылғы 1 маусым айында 12,1 млрд. теңге болды.

Зейнетақы төлемдері және қорлардан сақтандыру ұйымдарына аударымдар 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 197,6 млрд. теңге болды немесе мамыр айында 5,5 млрд. теңгеге ұлғайған (2,8%).

2011 жылдың басынан бастап зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражатын аударым жасау жалпы сомасы 5,5 млрд. теңгеге 3 878 алушыға жүзеге асырылды. Зейнетақы аннуитет шартына сәйкес сақтандыру ұйымдарына алушылардың жинақталған зейнетақы қаражаттарын аударым жасаудың жалпы сомасы 2011 жылғы 1 маусым айында 20,3 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесі жөніндегі ақпаратты уәкілетті органның сайтында орналастыру, сондай-ақ қорлардың ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауы салымшыларға (алушыларға) қорды дербес таңдауға және

зейнетақы заңнамасы бойынша берілген жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару құқығын пайдалануға мүмкіндік береді.


2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақталған зейнетақы қаражатын бір қордан екінші қорға аудару 1 183,6 млрд. теңгені құрады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің құрылымы

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2011 жылғы мамыр айында 32,7 млрд. теңгеге немесе 1,4%-ға өсіп, 2 422,2 млрд. теңге болды.

2010 жылғы 1 маусымнан бастап 2011 жылғы 1 маусымға дейінгі кезеңде зейнетақы активтерінің орташа айлық өсуі 35,2 млрд. теңге болды.

Зейнетақы активтерінің жиынтық көлемінің өзгеру динамикасы



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ/ ЖЗҚ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-бен
«Қазақстан Халық Банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ	804 426	33,21
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	426 403	17,60
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	426 403	17,60
"ГНПФ" ЖЗҚ» АҚ	423 741	17,49
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ («Қазкоммерцбанк» АҚ еншілес ұйымы)	189 051	7,81
"ГРАНТУМ" ЖЗҚ" АҚ	189 051	7,81
«Капитал» ЖЗҚ» АҚ - «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы	123 855	5,11
"МұнайГаз-Дем" ЖЗҚ" АҚ	86 969	3,59
"Еуразиялық ЖЗҚ" АҚ	79 148	3,27
"Атамекен" ЖЗҚ" АҚ	74 183	3,06
"Отан" АЖЗҚ» АҚ	67 057	2,77
"РЕСПУБЛИКА" ЖЗҚ» АҚ	65 217	2,69
"АМАНАТ ҚАЗАҚСТАН" ЖЗҚ" АҚ	57 827	2,39
"Қазақмыс ЖЗҚ" АҚ	24 334	1,01
ЖИЫНТЫҒЫ:	2 422 211	100,00

Инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі бір айдың ішінде 16,9 млрд. теңгеге немесе 0,7%-ға өсіп, 2011 жылғы 1 маусым айында 2 363,5 млрд. теңгені құрады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфеліндегі ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 01 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 45,27%-ын құрады, ол 1 069,9 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздар көлемінің мамыр айында ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 6,3 млрд.теңгені құрайды.

ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар үлесі 2011 жылғы 01 маусымда инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 31,1%-ын құрады, ол 734,0 млрд. теңгеге сәйкес. ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздар көлемінің мамыр айында ұлғаюы ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелінде 2,4 млрд.теңгені құрайды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	1.05.2011ж.		1.06.2011ж.	
	млн. теңге	%	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	1 063 619	45,32	1 069 872	45,27
ҚР еурооблигациялары	0	0	0	0
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	907 560	38,67	912 485	38,61
Ұлттық Банктің ноттары	150 548	6,42	151 854	6,43
жергілікті атқару органдарының бағалы қағаздары	5 511	0,23	5 533	0,23
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	223 982	9,55	237 782	10,06
акциялар	84 728	3,61	88 994	3,77
облигациялар	139 254	5,94	148 788	6,29
Шетел инвестициялық қорларының пайлары	0	0	0	0
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	59 928	2,55	45 530	1,93
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	12 893	0,55	30 286	1,28
Тазартылған алтын	73 935	3,15	79 250	3,35
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	736 367	31,38	734 002	31,06
акциялар	173 086	7,38	169 423	7,17
облигациялар, оның ішінде	563 281	24,00	564 579	23,89
шетел валютасында номинирленген	18 017	0,77	20 031	0,85
теңгеде номинирленген	545 264	23,24	544 548	23,04
Екінші деңгейдегі банктердегі салымдар	176 052	7,50	166 963	7,06
Туынды бағалы қағаздар	-108	0	-139	-0,01
Жиынтығы	2 346 666	100	2 363 546	100,00

Эмитенттері бағалы қағаздарды шығарылымы бойынша дефолтқа жол берген 2010 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша бағалы қағаздардың үлесі зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 0,87%-ын құрады, бұл абсолюттік мәнінде 21,2 млрд. теңге болды.

Қорлардың номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы активтері бойынша номиналды кірістің орташа алынған коэффициенттері:

– 5 жылдық кезеңінде (2006 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) – 34,61% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 61,52%). Номиналды кірістің орташа

алынған түзетілген коэффициенті – 34,29%;

– 3 жылдық кезеңінде (2008 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) – 13,00% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 25,62%);


– 12 айға (2010 жылғы мамыр – 2011 жылғы мамыр) – 4,42% (ұқсас кезеңдегі инфляцияның жинақталған деңгейі – 8,3%).

Жинақтаушы зейнетақы қорларының номиналды кірісі коэффициентінің өзгеруі 2011 жылғы 1 маусымда 2011 жылғы 1 мамырдағы көрсеткішімен салыстырғанда мынандай сипатта болды:

- 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,17 пайыздық тармаққа азайды;
- 36 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 1,27 пайыздық тармаққа азайды;
- 12 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 0,92 пайыздық тармаққа өсті.

2010 жылғы қаңтардан бастап 2011 жылғы мамырға дейінгі кезеңде 60 ай ішіндегі номиналды кіріс коэффициенті 47,52 мәнінен 34,61 мәнге дейін төмендеу қарқыны байқалады.

Қорлардың зейнетақы активтерінің және номиналды кіріс коэффициенттерінің арақатынасы



Қорлардың қаржылық жай-күйі

Қорлардың жиынтық капиталы 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 84,3 млрд. теңге болды, оның ішінде жарғылық капитал – 46,2 млрд. теңге немесе жиынтық капиталдың жалпы көлемінің 54,8%-ы болды. Қорлар бойынша активтердің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 88,2 млрд. теңге болды.

2011 жылғы қаңтар - мамыр айларында 3 қор («АМАНАТ Қазақстан», «Отан» және «Республика») жалпы сомасы 0,9 млрд. теңге шығынға ұшырады, бұл ретте 9 қорлар жалпы сомасы 8,8 млрд. теңге пайда алды. Қорлардың таза кірісінің жалпы сомасы 2011 жылғы 1 маусымда 7,9 млрд. теңге болды.

Қорлардың меншікті активтері есебінен қаржы инвестициялары 2011 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 72,7 млрд. теңге немесе қорлардың жиынтық активтерінің 82,5%-ы болды.

Қорлар меншікті активтерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына – 60,1%, Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – 17,8% инвестициялады, екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға – 17,5%, шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына – инвестициялардың жалпы көлемінің 1,5 %-ын орналастырды.

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролі

Республика экономикасындағы зейнетақы секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштердің динамикасы	1.01.06	1.01.07	1.01.08	1.01.09	1.01.10	1.01.11	1.06.11
ЖІӨ млрд.теңге	7 453,0	10 139,5	12 849,8	16 052,9	17 007,6	21 513,5	23 780,9*
Жинақталған зейнетақы қаражатының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	8,7	9,0	9,4	8,8	10,9	10,5	10,2
Зейнетақы жарналарының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	6,9	6,7	7,1	7,4	8,8	8,5	7,6
«Таза» инвестициялық кірістің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	2,1	2,5	2,6	1,9	2,8	2,7	2,4
Қорлардың жиынтық капиталының ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	0,2	0,2	0,2	0,3	0,4	0,4	0,4

* - Қазақстан Республикасы Экономикалық даму және сауда министрлігінің болжам деректері